


## Қор нарықтары...

Қор индекстері	Мәні, теңге	Күндік өзгерістер	Жыл басынан өзг.
<b>АҚШ</b>			
S&P 500	6 870	▲ 0,78%	▲ 17,1%
NASDAQ	22 807	▲ 1,29%	▼ -1,8%
DJIA	48 739	▲ 0,49%	▲ 15,0%
CBOE Volatility Index (VIX)	21	▼ -10,27%	▲ 18,0%
<b>Еуропа</b>			
FTSE 100	10 568	▲ 0,80%	▲ 27,9%
DAX	2 065	▲ 1,83%	▲ 21,1%
<b>Азия</b>			
Hang Seng	25 249	▼ -2,01%	▲ 28,7%
Nikkei 225	56 267	▼ -0,02%	▲ 41,0%
Shanghai SE	4 082	▼ -0,98%	▲ 25,1%
<b>Қазақстан</b>			
KASE	7 819	▼ -1,03%	▲ 37,7%

## Өсу және құлдырау көшбасшылары S&P 500



Сәрсенбі күні қор нарықтары өсіммен жабылды: S&P 500 0,78%-ға өсіп, \$6 869,50 деңгейіне жетті; Nasdaq Composite 1,29%-ға көтеріліп, \$22 807,48 болды; DJI 0,49%-ға қымбаттап, \$48 739,41 құрады. S&P 500 индексінің 11 секторының 8-і сауда барысында өсім көрсетті. Өсім көшбасшылары Information Technology (+1,6%), Health Care (+0,6%) және Financials (+0,6%) секторлары болды. Төмендеу Consumer Staples (-0,9%), Energy (-0,2%) және Industrials (-0,1%) секторларында тіркелді.

S&P 500 секторларын талдау	Market Cap	Күндік өзгеріс	Айлық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Communication Services	10 792 141 536 475	0,4%	3,0%	17,2%
Consumer Discretionary	6 576 454 188 482	0,4%	-3,5%	13,9%
Consumer Staples	3 637 351 033 347	-0,9%	-1,2%	8,6%
Energy	2 074 198 972 552	-0,2%	9,5%	28,3%
Financials	7 967 530 081 824	0,6%	-2,9%	7,0%
Industrials	5 500 484 961 632	-0,1%	1,9%	33,4%
Information Technology	19 196 261 856 233	1,6%	1,8%	58,9%
Materials	1 175 543 857 620	0,0%	-0,4%	26,3%
Real Estate	1 160 062 299 921	0,5%	3,8%	-2,3%
Utilities	1 443 375 306 926	0,6%	9,0%	21,1%
Health Care	5 836 316 641 896	0,6%	1,0%	8,6%

Сәрсенбі күні АҚШ пен Еуропаның қор нарықтары Таяу Шығыстағы қақтығысқа байланысты шиеленістің бәсеңдеуіне үміттің артуы аясында сенімді өсім көрсетті. Мұнай мен энергетикалық нарықтардағы тұрақтану да қосымша қолдау көрсетіп, бұрын арзандаған активтердің қалпына келуіне ықпал етті. Осы жағдай инвесторлардың сенімін арттырып, жанандық қаржы алаңдарындағы жалпы көңіл-күйдің жақсаруына әсер етті.

Нарықтағы талқылауларға қосымша себеп болған фактор — The New York Times басылымында жарияланған ақпарат. Басылым мәліметінше, Иран барлау қызметтері теракттерден кейінгі күні ЦРУ-мен жанама түрде байланыс орнатқан. Алайда америкалық ресми тұлғалар Вашингтон мен Тегеран жақын арада нақты деэскалацияға дайын екеніне әлі де күмәнмен қарайды. Сонымен қатар Дональд Трамптың АҚШ-тың мұнай танкерлерін Ормуз буғазы арқылы әскери-теңіз күштерімен сүйемелдеу және саяси тәуекелдерден сақтандыруды қамтамасыз ету жөніндегі мәлімдемелері нарық қатысушыларының алаңдаушылығын ішінара азайтты.

Тұрақтанудың жекелеген белгілеріне қарамастан, өңірдегі шиеленіс энергетикалық секторға әсер етуді жалғастырады. Таяу Шығыстың бірқатар елдері мұнай мен газ өндіруді уақытша қысқартты, ал АҚШ Иранға қысымды күшейтуге ұмтылуда. Осы аяда мұнай нарығындағы сауда құбылмалы болды, дегенмен сәрсенбі қорытындысы бойынша бағалар айтарлықтай өзгерген жоқ. Brent маркалы мұнай баррелі шамамен 81,40 доллар деңгейінде жабылып, 2025 жылдың қаңтарынан бергі ең жоғары көрсеткішке жетті.

Сонымен қатар инвесторлардың назары АҚШ-тың ақша-кредит саясатына қатысты оқиғаларға ауды. Президент Дональд Трамп Сенатқа Кевин Уорштың Федералдық резервтік жүйе төрағасы лауазымына кандидатурасын ресми түрде ұсынды. Бекіту үдерісі оңай болмауы мүмкін: кейбір сенаторлар қазіргі төраға Джером Пауэлл мен басқарма мүшесі Лиза Кукке қатысты әкімшілік жүргізіп жатқан тексерулерге алаңдаушылық білдіруде, ал өзгелері Уорш Ақ үйге тым тәуелді болуы мүмкін деп санап, бұл орталық банктің тәуелсіздігіне күмән келтіруі ықтимал екенін айтады.

Сонымен бірге макроэкономикалық статистика жеткілікті түрде оң нәтиже көрсетті. Сәрсенбі күні жарияланған деректерге сәйкес, өткен айда әлемдік экономикадағы іскерлік белсенділік күтпегендей жоғары деңгейде сақталған. Қызмет көрсету секторындағы PMI индекстері АҚШ-тағы экономикалық белсенділік ақпанда соңғы үш жарым жылдан астам уақыттағы ең жоғары деңгейге жеткенін көрсетеді. Қытайда көрсеткіштер соңғы үш жылдағы ең жоғары деңгейде болды, ал Еуропада өсім қарқыны жеделдеді. Бұл деректер бұған дейін жарияланған өндірістік сектордағы күшті PMI көрсеткіштерін толықтырып, жанандық экономиканың тұрақтылығына деген үмітті күшейтті.




KASE акциялары	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Халық Банк	394	-1%	44,0%
Банк ЦентрКредит	4 686	0%	104,4%
Kcell	3 455	-1%	2,2%
Казатомпром	40 594	-1%	98,5%
КазТрансОйл	1 117	-2%	35,7%
KEGOK	1 463	0%	-3,8%
Kaspi.kz	38 163	0%	-30,4%
КазМунайГаз	28 050	-3%	91,7%
Эйр Астана	818	-1%	-28,4%

Валюта	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
USD/KZT	495,84	-0,78%	-2,1%
RUB/KZT	6,43	0,00%	0,4%
CNY/RUB	10,91	-0,03%	-0,7%
EUR/USD	1,1633	0,17%	-0,7%

\* Өзгеріс базистік пункттермен көрсетілген, 1 б.п. = 0,01%

Дереккөз: Refinitiv Eikon



Дереккөз: Refinitiv Eikon

Біздің Centras Securities Telegram-арнамызға жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтіңіз <https://t.me/centrassecurities>

Біздің сайт: <https://cesec.kz/>

# Байланыс



## Аналитика департаменті

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 722)**

**Эл.адрес:**  
**analytics@centras.kz**

## Брокерлік қызмет көрсету

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 608)**

**Эл.адрес:**  
**broker@centras.kz**

## Сауда операциялары департаменті

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 730)**

**Эл.адрес:**  
**trade@centras.kz**

## Сату департаменті

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 754)**

**Эл.адрес:**  
**broker@centras.kz**

Осы материалды АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің аналитика бөлімі дайындаған. Бұл жарияланған материал тек ақпараттық сипатқа ие және АҚ "Сентрас Секьюритиз" тарапынан қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу, сату немесе қандай да бір мәмілеге қатысу туралы ұсыныс болып табылмайды. Бұл құжатта келтірілген ақпарат Bloomberg және KASE сияқты "Сентрас Секьюритиз" -тің сенімді деп санайтын дереккөздерден алынған. Алайда, АҚ "Сентрас Секьюритиз", оның басшылығы мен қызметкерлері мұндай ақпараттың дәлдігіне, толықтығына және шынайылығына толық кепілдік бермейді және оны пайдалануға байланысты туындауы мүмкін клиент шығындары үшін жауапты емес. Бұл құжатта келтірілген бағалаулар мен пікірлер Компания аналитиктерінің жеке қорытындыларына негізделген. Аналитиктердің сыйақысы олардың дайындаған аналитикалық шолуларының мазмұнына немесе берген ұсыныстарының сипатына байланысты емес. Бұл ақпарат көпшілікке таратуға арналмаған және АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің алдын ала жазабаша рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, таратуға немесе жариялауға болмайды.

Сентрас Секьюритиз, 2025 ж.